

---

## ЖАҒАНДАНУ ҮДЕРІСТЕРІНДЕГІ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ФАКТОРЛАРДЫҢ РӨЛІ

**С. Т. Мейрманов**

Жалпыадамзаттық (жаһандық) проблемалар ХХ ғасырдың соңғы ширегінде күшті айқындалып қалыптасты. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін әлемнің «үшінші елдерінде» «демографиялық жарылыс» болды. Өлім-жітімнің біршама төмендеуі мен туудың жоғарғы қарқынына байланысты халық санының өсімі ұлғайды. БҰҰ-ның тұрғылықты халыққа байланысты өткізген дүниежүзілік конференциялары тұрғын халыққа байланысты жаһандық-аймақтық саясатты әзірлеуге алып келді.

Тұрғылықты халық туралы бүкіләлемдік конференциялар (ВКН) - БҰҰ-на мүше мемлекеттердің сарапшылары мен мемлекеттік, қоғам қайраткерлері қатысуымен өткізілетін халықаралық және салааралық жиналыс. Ең алғашқы конференция 1954 жылы Римде (Италия) 31 тамыз бен 10 қыркүйек аралығында өтті және 70 елден 600 ғалым мен сарапшы қатысты. Бұл конференцияда неомальтузиандық тұжырымдар қатты сынға ұшырады.

Екінші конференция 1965 жылдың 30 тамыз бен 10 қыркүйек аралығында Белград қалсында (Югославия) өтті. Бұл конференцияға 88 мемлекеттен 852 ғалымдар мен мамандар қатысып, өсіп-өну, т.б. демографиялық мәселелер қарастырылды және Ел халқына байланысты бүкіләлемдік әрекет жоспары қабылданғандықтан, бұл жыл Бүкіләлемдік тұрғылықты халық жылы деп аталды.

Үшінші конференция 1974 жылдың 18-30 тамыз аралығында Бухарестте (Румыния) өтіп, оған 137 елден жалпылама 3500 адам қатысты. Демографиялық келешек, демографияның әлеуметтік-экономикалық дамумен байланысы, т.б. қарастырылды /1/.

Жаһандану барысында демографиялық саладағы бұрын болмаған популяциялардың пайда болуымен (нәсілдік-этникалық, мәдени-өркеніетті топтар және т.с.с.), әр түрлі страталарының жалпы жаһандық үдерістерге байланысты рөлдеріне орай адамзаттың стратификациялық құрылымының өзгеруімен, жер шарылық деңгейде өзіндік бейне мен мәнердің таралуы, білім беру, т.б. салалардағы жаһандық жүйелі үдерістердің көрініс беруі. Атап айтар болсақ таза мәнінде саяси, экономикалық, мәдени, демографиялық, т.б. жаһандану болмайды.

Жаһанданудың демографиялық аспектi ретінде мынандай үдерістердің жиынтығын айтуға болады. Бұлар:

1. Жаһандық үдерістер адамзаттың өз ішінде жаңа таксономиялық бірліктердің пайда болуына әкелді. Мәселен, отарлық дәуірде (отар-

шылдықты біз жаһандану формасы ретінде қарастырамыз) жаһандану үдерістері барысында біршама аз уақыт кезінде латиноамерикандық суперэтнос, американдық, канадалық және австралиялық ұлттар және т.б. таксономиялық топтар пайда болды.

2. Жаһандану тұрғын халықтың өсімі мен оның құрылымының өзгеруіне күшті ықпал етті. Демографиялық жарылыс құбылысы мен халық санының автомоделдік өсуі (С.П. Капица) – жаһанданудың көрінісі. Батыс Еуропалық суперэтнос халықтың өсіп-өнуінің дәстүрлі түрін сақтай отырып өз ареалын көбейтті. Бұл «Жер шарының ақ түсті тұрғындарының арасындағы демографиялық жарылыстың» басты ерекшелігі. Отаршылдық түріндегі жаһандану бүкіл жер шарына Батыс елдерінде жасалған техникалық, т.б. ғылым салаларындағы жетістіктерін таратты. Осының нәтижесінде жер шарындағы ақ түсті емес нәсіл өсіп-өнуін «жоғары туу-жоғары өлім-жітімнен», «жоғары туу-төменгі өлім-жітімге» ауыстырды. Жер шарының ақ түсті емес өкілдерінің демографиялық жарылысының көрінісі осында.

3. Демографиялық өту тұрғын халықтың жаһандануының нәтижесі ретінде қарастырылады.

4. Жаһандану мемлекетаралық және мемлекетішілік әлеуметтік поляризацияны күшейтуші үдеріс ретінде.

5. Жер шарылық деңгейде әр түрлі елдер мен өркениеттердің өмір сүру бейнесі мен мәнерінің таралуы және олардың бір-біріне ықпалы.

Демографиялық проблемаларды шешу үшін 1967 жылы ЮНФПА (UNPFA-United Nations Population Fund) құрылды. 1972 жылдан бастап Бас Ассамблеяның қарамағындағы қор болып табылады. Оның мақсаты тұрғын халық саласындағы ағартушылық, ақпараттық кеңес беру қызметтерін қаржылай және техникалық көмек беру арқылы жүзеге асыру. Штаб-пәтері Нью-Йорк қаласында /1/.

Біздің ортақ үйіміз – Жер шарына төнген мәселелер қандай екендігі туралы түрлі пікірлер бар. Тұрғылықты халықтың жаһандық проблемалары бұл барлық адамзаттың мүдделеріне қатысы бар заманауи әлеуметтік-демографиялық проблемалардың жиынтығы. Бұл проблемаларға дамушы мемлекеттердегі демографиялық жарылыс, дамыған мемлекеттердегі депопуляция, урбанизация, бақыланбайтын көші-қон, т.б. жатады. «Жаһандық проблемалар» деген терминді ғылыми әдебиетке ХХ ғасырдың 1960-70 жылдары «Римдік клубтың» ғалымдары енгізді. Мәселен, Римдік клубтың өкілдері А. Кинг және Б. Шнайдердің «Алғашқы жаһандық төңкеріс» атты еңбегінің «Ерекше алаңдатушылық тудыратын мәселелер» деген екінші бөлімінде /2/ әлемдегі басты проблемалар жөнінде мыналарды атап көрсетеді:

- антропогендік қызмет көлемінің ұлғаюы;
- климаттың жаһандық жылынуы және оның энергетикаға ықпалы;

- 
- жаһандық азық-түлікпен қамтамасыз ету;
  - демографиялық ауытқулар;
  - ақпараттық қоғам.

БҰҰ-ның ұзақ мерзімді болжамдарына сәйкес Африка және Оңтүстік Азия елдері экономикасы ең төмен, әлсіз дамыған мемлекет болып қалғанымен, олардың халқы санының әлемдік үлесі ХХІ ғасырдың аяғына қарай 60% асуы мүмкін. Дүниежүзілік демографиялық дамудың ең ықтимал қатерлерінің бірі 2000 жылы 6 миллиардтан асқан әлем халқының саны 2025 жылы 8 миллиардқа жетуі мүмкін. Яғни, ХХІ ғасырға 1 млрд. аштыққа ұшыраған адамдар, 1 млрд. сауатсыз адамдар және 1 млрд. жұмыссыз адамдар, 2 млрд. шамадан тыс қоныстанған аграрлы елдегілер, 1,5 млрд. «кедейлік шегіндегілер», 1 млрд. «өте нашар» жағдайда тұрып жатқан адамдармен өтуде. ХХ ғасырда дамушы мемлекеттердегі 5 млрд. адам жоғарыда аталған санаттарда бір мезгілде болып қалуы мүмкін /1/.

1980 жылдары дамып келе жатқан мемлекеттердегі туу көрсеткішіне келер болсақ, әр 1000 адамға шаққанда 33 бала туудан келген болатын. Мәселен, Латын Америкасы елдерінде 22-40-тан, Азияда 17-ден жоғары, ал Оңтүстік Азияда 37-ден, Африкада 46-ға дейін.

Тұрғылықты халық құрылымына келер болсақ, жыныстық диспропорция көрініс береді, яғни 100 әйелге 94 еркектен, т.с.с. Дегенмен, адамдардың қартаюуы барысында сол ұрпақ өкілдерінің арасындағы жыныстық диспропорция өзгеріп әйелдердің үлес салмағы арта түседі. Өйткені, әйелдің орташа өмір ұзақтығы жасы еркектерден біршама жоғары. Дамыған елдерде әйелдердің орташа өмір ұзақтығы жасы 78 болса, еркектердікі 70 жас /3/.

Демографиялық факторлар бір жағынан жаһандану үдерістерінің сипатын айқындауда, ал екінші жағынан өзі де осы үдерістің ықпалына ұшырауда. Адам және қоғамның жаһандану «қатерлеріне» төтеп беруінен барлық адамзат атаулының өмір сүруі де тәуелді. Осымен қатар, тарихқа үнілсек жаһандық үдерістерінің өзі адам санының артуына байланысты жана территорияларды игеруге деген қажеттіліктен басталған адамдардың көші-қонынан бастау алады.

Жаһандану өте күрделі құбылыс және оны бір ғана анықтамамен айқындау қиынырақ. Алайда, әр ғылыми тұрғыдан берілген анықтама осы құбылыстың түрлі аспектісінің біреуін ашып беруде. Жаһандану – бұл мемлекеттердің, халықтардың, этностардың, әлеуметтік қауымдастықтардың Жер шары деңгейінде біртұтас жүйедегі қатынасы; бұл ашық мәдени өзара алмасудың, іс-әрекеттер үлгілерін алудың және мәдени стереотиптердің бейімделуінің жүйесі; бұл адамзаттың барлық салалардағы қатынастарының шекарасының ұлғаюуы және мемлекеттердің өзара келісілген іс-шаралар жүргізу қажеттілігін тудыратын ортақ саяси, экономикалық, экологиялық, ақпараттық, т.б. кеңістіктің пайда болуы. Мұндай әлемде адамдар гео-

графиялық орнасуларына қарамастан телекоммуникация, интернет, т.б байланыс құралдары арқылы өзара байланыс орната алады.

Жаһандану сапалы өзгерістермен қатар, жағымды және жағымсыз сипаттары бар үдеріс. Оның негізін өндіріс ауқымын және адам мүмкіндігін ұлғайтқан заманауи технология құрайды. Экологиялық салада жағымсыз жағы озон қабатының нашарлауы, Жер шарылық деңгейдегі климаттық өзгерістер, атап айтар болсақ климаттың жылынуы. Экономикалық жағынан алып қарасақ әлемдік сауда және қаржы нарқының дамуы, жаһандық тұтыну нарқы, ал жағымсыз жағы да осы бірыңғай тізбектің пайда болуына байланысты дүниеде әлемдік дағдарыстың орын алуы. Зандылық жағынан алатын болсақ, көптеген елдерді қамтыған ортақ әлемдік стандарттардың дамуы. Психологиялық тұрғыдан алсақ, бұл адам санасында әлем – ортақ кеңістік деген түсініктің кеңеюі.

Уақыты бойынша демографиялық төңкеріс жаһанданудың барлық факторлары мен аспектілерінің қарқынды дамуымен сәйкес келеді. Осыған орай жаһандану үдерістері мен Жер шарындағы популяциялық даму бір-бірімен қан-шалықты тығыз байланысты деген заңды сауал туындайды.

Жаһанданудың басты демографиялық нәтижесі адамзат санының күрт артуы болып табылады. Бірінші мыңжылдық басында 300 млн. адам өмір сүрсе, екінші мыңжылдыққа өткен кездегі адам саны 1 млрд. 650 млн. адамды құрады, ал үшінші мыңжылдыққа Жер шары 6 млрд. 100 млн. адаммен өтті. Жер шары халқы миллиардқа жету үшін он мыңдаған жылдар керек болса, ал 1 миллиардтан 2 миллиардқа жету үшін 124 жыл керек болды. 3 миллиард халық болу үшін 34 жыл, 4 миллиардқа жету үшін 15 ақ жыл, ал 5 және 6 миллиардқа жету үшін бар болғаны 12 және 13 ақ жыл қажет болды. Сөйтіп, біздің заманымызда халық саны 20 еседен артық өсті.

1950 жылы Жер шарындағы халық саны 2,5 миллиардты құраса, ал одан кейінгі жарты ғасырдай уақытта ғана 6 миллиардқа өскен. Аймақтық өзгерістерге келер болсақ, сол 1950 жылы дамыған мемлекеттерде 813 млн. адам, ал басқа елдерде 1 млрд. 709 миллион адам тұрған. Қазіргі кезде дамыған мемлекеттерде 1 млрд. 200 миллион халқы бар, яғни адам саны 50% ғана өскен. Дамыған мемлекеттерге жатпайтын елдерде қазіргі кезде 4 млрд. 800 миллион адам тұрады, яғни 50 жылда халық саны 2,8 есе өскен.

Қазіргі кезде Жер шарындағы халықтың көп бөлігі дамушы мемлекеттерде тұруда. Мәселен, 1950 жылы олардағы халықтың үлес салмағы әлемдегі халықтың 2/3 құраса, ал 2000 жылдары дамушы елдерде бар халықтың 4/5 өмір сүруде. Бұл айырмашылықты да демографиялық өту үдерісімен түсіндіруге болады. Яғни, әлемнің бірінші елдері демографиялық өтуді аяқтады, ал дамушы мемлекеттердегі халық бұл үдерістің бастапқы сатысында тұр.

Демографиялық өтуді жаһандану тұрғысынан қарастыратын болсақ, бірінші кезекте жалпылама танылғандай демографиялық өтудің басты

---

себебі қоғамның әлеуметтік-экономикалық және ғылыми-технологиялық дамуымен байланысты. Бұған демографиялық өтудің Еуропаны ғана емес, Азиялық бөлікті де қамтығаны, мәселен, Жапониядағы жағдай дәлел бола алады. Туудың азаюы және аз балалы отбасы үлгісіне көшу үрдісі Оңтүстік Кореяға, Сингапурға және т.б. елдерге тән.

Демографиялық өту үдерісі барысында туу деңгейі жоғары болады. Осымен қатар өлім-жітім деңгейінің де «үшінші әлем» елдерінде төмендеуі ХХ ғасырдың екінші жартысындағы демографиялық жарылыстың себебі болуда.

Ғылыми-техникалық төңкеріс нәтижесінде қоғамға еңбек ресурсының саны емес, сапасы қажет бола бастады. Осыған орай және құндылықтардың өзгеруіне сәйкес демографиялық өсім шектелуде. Өйткені, заманауи қоғамға (Батыс үлгісіндегі) карьералық мотивациясы жоғары, атаққұмар, біліктілігін арттыру үшін үздіксіз оқу мен даярлықты жалғастыратын т.с.с. адамдар қажет. Ал бұл патриархалды отбасы үлгісімен қайшы келеді және осыған байланысты құндылықтар өзгереді. Яғни, ұрпақ жалғастырып «аталар жолын» басудың орнына, өзіндік жеке және басқа құндылықтары бар адамдар пайда болып, демографиялық өсім тежелуде.

Жаһандану үдерісі барысында туындаған басты демографиялық проблема – адамзаттың демографиялық дамуы жағынан теңсіздігі. Осы жаһандану үдерісі барысында туындаған басты демографиялық өзгерістердің антропологиялық-этнологиялық аспектісін қарастырсақ, жаһандану үдерісі негізінде миграциялық ағымдардың күшеюі жаңа этникалық топтардың пайда болуына әкелді. Жаһандану үдерісі барысында екі американдық құрлықта американдық және канадалық ұлт пен батысеуропалықтар, негроид нәсілінің өкілдері және автохтонды үндістердің қосындылары негізінде латынамерикандық этнос пайда болды. Дегенмен, әлемнің дамыған мемлекеттері экономика және саясатта үстемдікке ие.

Жаһандану үдерісі барысында туындаған басты демографиялық өзгерістердің геосаяси-геоэкономикалық аспектісін талдасақ, жаһандану үдерісі негізінде еуропалық нәсіл, яғни Батысеуропалық өркениет геосаяси, геостратегиялық және экономикалық салада үстемдігін сақтауда.

ХХІ ғасырдың бірінші жартысындағы демографиялық дамуға келер болсақ, БҰҰ-ның болжамына байланысты 2050 жылдары Жер шары халқы 9 миллиардқа жетеді. Өсімнің көп бөлігін (90%-ын) дамушы мемлекеттер құрайтын болады. Ең кедей деген 48 мемлекеттің халық саны келешектегі 50 жылда 3 есеге өспекші. Жылдам демографиялық өсім Үндістанда, Қытайда, Иорданияда, Нигерияда, Йеменде, Пәкістанда, Ливия, Алжирде, Камбоджада, Мексика, Египет, Бангладеш, Иран, Бразилия, Түркияда, Африкада болмақшы. Сарапшылардың болжамдарына қарғанда 2050 жылғы Африка халқы қазіргімен салыстырғанда 2,3 есеге өсіп, өсім қарқынымен Азия, Латын Америкасы және

Океанияны (өсім 1,5 есе) артқа қалдырмақшы. 1950 және 2050 жылдары Африка халқы саны 8 есеге артып, жер шары халқының үлес салмағында 8,8%-дан 19,8%-ға өседі. Азия халқының үлес салмағы 2050 жылдары 59,2% құрайды. Еуропаға келетін болсақ, жүз жыл аралығында өз үлесін біршама жоғалтады. 1950 жылы 21,7% құраса, ал 2050 жылы 7% ғана құрайды. 2050 жылы Еуропаға карағанда Америка халқы 2 есе, ал Африка халқы 3 есеге өседі деген сөз.

**1 кесте. Халқы саны ең көп он мемлекет 2009, 2025 және 2050 жылдары (миллион адам)**

	2009		2025		2050
1. Қытай	1331	1. Қытай	1476	1. Үндістан	1748
2. Үндістан	1171	2. Үндістан	1445	2. Қытай	1437
3. АҚШ	307	3. АҚШ	358	3. АҚШ	439
4. Индонезия	243	4. Индонезия	292	4. Индонезия	343
5. Бразилия	192	5. Пакистан	246	5. Пакистан	335
6. Пакистан	181	6. Бразилия	212	6. Нигерия	285
7. Бангладеш	162	7. Нигерия	207	7. Бангладеш	223
8. Нигерия	153	8. Бангладеш	195	8. Бразилия	215
9. Ресей	142	9. Ресей	133	9. Конго, Дем. Республикасы	189
10. Жапония	128	10. Мексика	123	10. Филиппин	150

Дерек көзі: <http://www.prb.org>. *Population Reference Bureau. 2009 World Population Data Sheet.*

Осы айтылғандармен қатар, Жер шарында жастық-жыныстық құрылымға байланысты өзгерістер болады. Себебі, әйел адамдардың өмір жас ұзақтығының артуына орай, әйелдер саны басым бола бастайды. 2050 жылға қарай Жер шарында 4443 млрд еркек және 4467 млрд әйел өмір сүреді деп болжамдалуда. Яғни, 100 әйелге 99,5 еркектен келетін болады.

Жаһандану тұрғысынан диаспоралардың рөлін қарастырсақ ол үлкен мәнге ие. Өйткені, диаспоралар арқылы этникалық Отаны жаһандану үдерісін белсенді пайдалануда. Мысалға қытайлық диаспораларды келтірейік. Қытай осы диаспоралары арқылы заманауи технологияларға қол жеткізіп қана қоймай, диаспоралары ауқымды елдерге өз ықпалын да жүргізуде. 1980 жылдардың бас кезінің өзінде қытайлық лидер Дэн Сяопин өзінің «ресторандық стратегиясын» ашық жариялаған еді. Бұл бойынша қытайлық эмигранттар, хуацяолар (қытай жұмысшылары, аспазшылар) қытайлық өмір салтын, дінін насихаттай отырып, бірте-бірте сол елдің әлеуметтік өміріне экономикалық қана емес, мәдени, рухани түрлер арқылы да ену. Бұл саясат өзінің жетістікті екендігін көрсетті, бұрынғы чайнатаун-

---

дар экономикалық және финанстық орталықтарға айналды. Бүгінгі күнде этникалық қытайлықтар Сингапурдың, Малайзияның, Индонезияның экономикасын толығымен бақылауда /4/. Бүгінгі күні қытайлық диаспора АҚШ және Батыс Еуропада да өз беделін арттыруда және Қытай Қиыр Шығыс пен Сібірге де көз тігуде. Этникалық қытайлықтар саны Калифорнияда артууда. Ресей территориясындағы, Оралдың шығысындағы этникалық қытайлықтар саны ең аз бағалаулардың өзінде миллион шамасында деп болжамдалуда.

Қазіргі кезеңде, яғни ХХІ ғасырда да қытайлықтар (ханьцілер) күшті дамуда. Осыған байланысты 2030-2050 жылдары Қытай әлемдегі экономикалық ең күшті мемлекетке айналады және ХХІ ғасыр «қытай ғасыры» болады деген пікірлер де айтылуда /4/.

Космополиттік диаспораның ең басты ерекшелігі, ол өзінің этникалық Отанының мүддесімен көздемейді, өзінің мүддесі немесе өзі тұратын елдің мүддесін көздеуге бағдарланған. Мәселен, ассириялық этносты алсақ, олардың өз мемлекеті жоқ. Сондықтан да олар демографиялық популяция ретінде өздерін сақтап қалу үшін әрекет етуде. Олар сол тұрып жатқан мемлекетіне көнбіс, бірақ та өздерін бөлек, автономды қауымдастық етіп сезінеді.

Ұлтты ықпалдпастырушы этнос ретінде италяндықтарды келтіруге болады. Итало-американдық өзінің американдық екенін айта тұра, италяндық түп-тамырын ұмытпайды және екі елдің қарым-қатынасының жақсаруына ықпал етуге барынша дайын.

Демографиялық жаһандануды адамзаттың басым көп бөлігі жағымсыз түрде қабылдайды. Мәселен, ықпалдастықты күшейтіп жатқан Батыс Еуропаның өзінде жаһандануға қарсылар көп. Әлеуметтанушылардың болжамдары бойынша қазіргі кезде Еуропалық Одақтың 20-30 миллион тұрғындарына дейін өздерін бірінші кезекте «бір территория, бірыңғай мәдениет және тарихы бар еуропалықтар ретінде сезінеді» екен. Осыдан кейін барып өздерін белгілі бір ұлт, ел ретінде байланыстырады. Алайда, дезинтеграция және этникалық шовинизм басталып кетпесіне ешкім де кепіл бермесі анық. Мәселен, 1980 жылдары Югославия тұрғындарының ішінде өздерін «югословендер» деп те атағандар болды. Осымен қатар КСРО кезінде де өздерін Кенес халқы деп атағандар болды және бұл үгіт-насихаттық метафора ғана болған жоқ еді. Бірақ та, осындай қауымдастықтардың болуына қарамастан екеуі де ыдырады (осымен қатар Югославия ыдырағаннан кейін қандай жағдайдың орын алғаны тарихтан белгілі).

Адамзат жаһандық демографиялық төңкерісті басынан өткеруде. Осы адамзат тарихындағы құбылыс әлемдегі миллиардтаған адам өмірінің әр жағына өз ықпалын тигізуде.

Жаһандану үдерістері Қазақстанды да айналып өтпесі анық. Яғни, Қазақстанда да халықтың өсіп-өнуіне, іс-әрекеттеріне жаһандану өз ықпалын тизгізері сөзсіз. Осыған орай, демографиялық үдерістер әлемнің,

оның ішінде Қазақстанның да өзекті мәселесіне айналуда. Бұл мәселені тыңғылықты түсінуден қазіргі жағдай ғана емес, келешектегі адамзаттың өмір сүруі, оның басымдықтары, жаһандық қауіпсіздік де айқындалатыны белгілі. Сондықтан да, осындай ықпалдың жағымсыз жақтарын шектеудің жолын ойластырып, зерттеу қажеттігі өте маңызды.

1. Меликьян Г.Г., Кваша А.Я., Ткаченко А.А., Шаповалова Н.Н., Шелестов Д.К. Народонаселение. Энциклопедический словарь. - М.: Большая Российская энциклопедия, 1994.

2. Кинг А., Шнайдер Б. Первая глобальная революция. Доклад Римского клуба. М.: Прогресс-Пангея, 1991.

3. Дрейер О.К., Лось Б.В., Лось В.А. Глобальные проблемы и «третий мир» (Общемировые и региональные процессы развития). - М.: Наука. Главная редакция восточной литературы, 1991.

4. Мейрманов С.Т. Қазақстан Республикасының қауіпсіздігі контекстіндегі миграциялық саясатының қалыптасу мәселелері (Монография). Алматы, 2005.

### **Мейрманов С. Т.**

#### **Роль демографических факторов в процессе глобализации**

В статье рассмотрена роль демографических факторов в процессе глобализации. Так как демографический фактор играет фундаментальную роль в истории всякого государства, в том числе и Казахстана.

Демографическая политика является составной частью государственной политики Казахстана. Таким образом, только при наличии демографического потенциала государства можно рассчитывать на достижение его процветания. Поэтому актуальность продуманной и эффективной государственной демографической политики для Казахстана очень высока.

### **Meirmanov S.T.**

#### **Role of Demographic Factors in the Globalization Processes**

The article reveals actual problems of demographical development of the Republic of Kazakhstan, and policy conducted in this sphere also analyzed. Demographic policy of kazakhstan. Thus, only at the presense of the demographic potential of state we can be hoped about. The achievement of its prosperity.